

## 7 СӘУІР - ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ КҮНІ

Аудандық кітапханада саламатты өмір салтын қалыптастыру кабинеті мен кітапхана ұжымының бірлесуімен ұйымдастырылған дөңгелек үстел өтті. Оған денсаулық сақтау саласының ардагерлері қатысып, өз тәжірибелерімен алмасты.

1948 жылдан бастап жыл сайын атап өтіліп келе жатқан дүниежүзілік денсаулық күні денсаулық сақтау саласындағы ғаламдық мәселелерді бірігіп талқылау, өмір сүріп отырған ортаны қорғау, қазіргі және келешек ұрпақтың денсаулығын нығайту шараларын қамтиды. Бұл мәселе адамдардың денсаулығының қоғам үшін қаншалықты маңызды екенін түсіну қажеттілігінен туындап отырған аса көкейкесті мәселелердің біріне айналды. Соңғы жылдары ғылымның, өндірістің қарқынды дамуымен қатар адам өлімінің де күрт өсуі - адамзат алдында тұрған басты мәселе.

Осы денсаулық күніне байланысты аудан көлемінде 1 ай бойы денсаулық күніне арналған іс-шаралар өткізілді. Бұл іс-шаралар адам өмірінде денсаулықтың маңызды екенін түсіндіру үшін және бүкіл әлемдегі адамдардың денсаулығын жақсарту үшін не істеу керек екенін шешу үшін өткізіледі.

Жыл сайын бүкіл әлемдік денсаулық күні денсаулық сақтау планетасының алдында тұрған ғаламдық мәселелерге арналады және әртүрлі уранмен өткізіледі. Біздің ауданымыз спортты салауатты өмір салтының ажырамас бөлігі ретінде насихаттап, түрлі спорттық шаралар мен акцияларды ұйымдастырып, өткізді. Осы іс-шаралардың қорытындысы ретінде алтыншы сәуірде айтулы күнге орай аудан орталығындағы кітапхана-



нада денсаулық сақтау саласының ұйымдастыруымен дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелдің қонақтары ауданымыздың медицина саласында ұзақ жылдар еңбек еткен ардагерлері болды. Дөңгелек үстелдің мақсаты - егде адамдардың денсаулығын жақсартып, оларға көмек көрсетіп, салауатты өмір салтын насихаттау еді. Аталған отырыста ақ халатты жандардың дәрістері мен баяндамалары оқылып, тренингтер жүргізіліп, денсаулығымызды күтудің шарттары көрсетілді.

Өзімізге белгілі адам қартайған сайын күш-қуатын жоғалтып, түрлі ауруларға шалдығып жатады. Міне, осыны қалай жеңуге болады? Ол үшін не істеу керек? Өз өмірімізді қалай жақсартса аламыз? деген сауалдар бойынша жұмыстар жүргізіліп, жиынға жиналған қарт адамдарға адам денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүру үшін қажеттілігін, денсаулыққа спорттың маңыздылығын танытуда шолу жасалды. Ауырғаннан гөрі денсаулықты сақтап, аурудың алдын алған жеңіл екендігі айтылды. Сонымен қатар, қазіргі жастардың денсаулығы, олардың келешегі жөнінде де ойлар айтылмай қалған жоқ.

Жиын соңында жиналған қариялар да өз ойларын, пікірлерін ортаға салып, “ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздеудің” жолдарын көрсетті. Аталған шарадан әсер алған қарияларымыз денсаулықты күтуге барынша ат салысатындарын айтып, жақсы көңіл-күймен тарқады.

Әмірхан НАҚЫПОВ